

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің түлектерін
жұмысқа орналастыру туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереженің негізгі мақсаты университет түлектерін жұмыспен қамтуға көмектесу шараларын ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

1.2. ЖОО түлектерін жұмыспен қамтуға арналған шаралар Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің 2011-2020 жылдарға арналған Стратегиялық даму бағдарламасын және университеттің сапа саясатын жүзеге асыру мақсатында Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

1.3. Ережеде келесі нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:
- № 319-III ЗРК 2007 жылдың 27-шілдесіндегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (10.07.2012ж. қабылданған қосымшалар мен өзгертулерімен);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 23 қаңтарындағы №58 қаулысымен бекітілген «Білім беру гранттарын тағайындау Ережесінің маманды жұмысқа жіберу және өз бетімен жұмысқа орналасу құқығының тәртібі жөніндегі 3-ші бөлімі;

- «Ауылдық мекенге жұмыс жасауға келген мәдениет және спорт, қоғамдық қамту, білім беру, денсаулық сақтау мамандарын әлеуметтік қолдау көрсету Ережелері мен өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 18 ақпанындағы №183 қаулысы;

- 2012 жылдың 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №390 қаулысымен бекітілген «Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру квота шегінде педагогтік, медициналық және ветеринариялық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл (село) жастары қатарынан шыққан азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогтік және медициналық мамандықтар (бакалавриат) бойынша және философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға оқуға түскен білім алушы азаматтардың жұмысты өтеуі жөніндегі міндеттен босату немесе міндетті тоқтату қағидалары».

2. Түлектерді жұмыспен қамтуға көмектесу шаралары

2.1. Университет сайтында бітіруші курс студенттерінің түйіндемелері (резюме) орналастырылады (сайттың техникалық мүмкіншілігіне байланысты).

2.2. Университет түлектерінің жұмыспен қамтылуы туралы болжамдық мәліметтер әр оқу жылының желтоқсан айына дейін факультет тарапынан оқу үдерісін ұйымдастыру бөліміне тапсырылады.

2.3. Әрбір уәкілетті органдар («Қаржы орталығы» АҚ, облыстық білім беру басқармасы) жыл сайын (наурыз айынан кеш емес) ауыл жастарына берілетін квота негізінде, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға түскен білім гранттарының иегерлері оқитын ЖОО-на ауылдағы білім беру ұйымдарына қажетті кадрлар жөнінде мәлімдеме жібереді.

2.4. Облыстық және қалалық ұйымдардан жиналған бос орындар туралы ақпараттар жинақталып, бітіруші курс студенттеріне ұсынылады.

3. Ауылдық квота шеңберінде оқуға түскен мемлекеттік білім беру грантының иегер-түлектерін жұмысқа алдын ала бөлуді жүзеге асыру мақсатында құрылған Комиссиясының жұмысы:

3.1. Педагогикалық мамандықтардың Ауылдық квота шеңберінде оқуға түскен мемлекеттік білім беру грантының иегер-түлектерін ауылдық жерге жұмысқа жеке бөлінуін арнайы комиссия жүзеге асырады.

3.2. Комиссия құрамын және түлектерді ауылдық жерлерге бөлу жөніндегі комиссия отырысының кестесін университет ректоры бекітеді.

3.3. Комиссия өздерінің шешімінде ҚР БҒМ-нің жоғарыда аталған нормативті құжаттарын басшылыққа алады.

3.4. Ауылдық квота шеңберінде оқуға түскен мемлекеттік білім беру грантының иегер-түлектері ауылдық жерге жұмысқа жіберіледі («Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру квота шегінде педагогтік, медициналық және ветеринариялық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл (село) жастары қатарынан шыққан азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогтік және медициналық мамандықтар (бакалавриат) бойынша және философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға оқуға түскен білім алушы азаматтардың жұмысты өтеуі жөніндегі міндеттен босату немесе міндетті тоқтату қағидаларына» сәйкес).

3.5. Жас мамандарды жұмысқа жіберу шешімін комиссия шығарады.

3.6. Түлектерге оқу жылы аяқталған соң комиссияның шешімімен жұмысқа жолдама беріледі.

3.7. Жұмысқа жіберілген жас мамандар жұмыс орындарына оқу жылының 15 тамызына дейін барулары керек.

3.8. Ақылы түрде оқыған студенттер өз еркімен ұйымдар мен мекемелердің сұранысы бойынша жұмысқа жіберіледі.

4. Есеп беру және бақылау

4.1. Әр оқу жылының қыркүйек - қазан айларында оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімі бітіруші кафедралармен бірге комиссия шешімімен жұмыс орындарына барған жас мамандарды бақылап, жұмысқа орналасу жөнінде мониторинг жүргізеді.

4.2. Оқу жылының түлектерінің жұмыспен қамтылу есебі жаңа оқу жылының басында университеттің Ғылыми кеңесінде жоспарға сай тыңдалады.

4.3. Түлектердің жұмыспен қамтылу қорытындысының есебі үлгі бойынша әр оқу жылының маусым, қараша айларының 15 жұлдызы және тамыз айының 1 жұлдызынан кешіктірілмей ҚР БҒМ-не ұсынылады.